

Ж. Сағатбекқызы
Қ.Қ. Шалғынбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhansulu_2008@mail.ru, kadisha1954@mail.ru)

Психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру тетіктері мен әдістері

Аңдатпа. Қазіргі еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық балалардың сапалы білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Ал, сапалы білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті психофизиологиялық, интеллектуалды дамуды және жеке-дара жас ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейін тең білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету. Мақала ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тобының ішіндегі психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру тетіктерін анықтауға арналған. Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоцияларын қалыптастыру үшін мақалада рөлдік, дидактикалық және театр ойындарын қолдану әдістері сипатталған.

Зерттеу барысында мынадай нәтижелер алынды: психикалық дамуы тежелген балалар тобы анықталды; ойын әдісі мен әлеуметтену тетіктерін қолдану әдісінің тиімділігін тексеру үшін психикалық дамуы тежелген балалар тобы таңдалды. Балалардың осы тобымен жұмыс олардың эмоционалды интеллектісін дамыту арқылы психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру мүмкіндігі, тұлғааралық оқыту жағдайларына қатысу мүмкіндігі, рөлдік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі туралы гипотезаны тексеру мақсатында жүргізілді.

Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды интеллектісінің дамуы, тұлғааралық қарым-қатынас процесінде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, «жақсы» және «жаман» үлгілерді, рөлдік аспектілерді пайдалана отырып дамыту арқылы қоғамға ену, әлеуметтік бейімделу мүмкіндігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: әлеуметтену, тетіктер, психикалық дамуы тежелген балалар, дидактикалық ойындар, эмоционалды интеллект, эмоционалды лексика, тұлғааралық қарым-қатынас, рөлдік ойын.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-291-300>

Кіріспе

Қазақстан Республикасында 2000 жылдардан бастап білім беру саясатында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қатысты жаңа бағыттар қалыптасуда, балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, білім

беру, әлеуметтік қолдау және бейімдеудің тиімді жолдарын белсенді іздеу жүргізілуде. Жалпы білім беру жүйесіне ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дені сау құрдастарымен білім беру ортасына кіріктіру бойынша үдерістер енгізіле бастады. 2002 жылы алғаш рет посткеңестік кеңістік-

те Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы күшіне енді, онда тек арнайы білімге ғана емес, олардың қоғамдағы орнына да басқа көзқарасты көрсететін, осы санаттағы балалардың құқығын қорғауға қағида түрінде жаңа инклюзивті тәсіл бекітілген [1].

Бүгінгі таңда, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру, қоғамның маңызды, көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, осымәселе бойынша статистикаға жүгінетін болсақ, бұл шұғыл шешімді қажет ететін мәселелердің бірі және ол әртүрлі жағдайларға байланысты туындап отыр. Біріншіден, елімізде психикалық дамуы тежелген балалар санының өсуі байқалады. Бұндай деректер туралы Ұлттық түзету педагогикасы ғылыми-практикалық орталығының директоры Р. Айтжанованың айтуынша, Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 161,156 бала бар, оның ішінде психикалық дамуы тежелген 50826 бала [2].

Екіншіден, адамның дамуындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың әсері және оны әлеуметтік тұлға және мәдени тұлға ретінде тәрбиелеу мәселесі әлі де нашар дамыған. Бұл әсіресе ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар санатына қатысты. Олардың қоғамға әлеуметтік бейімделуі әлеуметтік педагогикадағы маңызды міндеттердің бірі.

Мәселен, Л.С. Выготский «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың толыққанды дамуы үшін оларды әлеуметтік ортаға қосу қажет, өйткені «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қоғамға сәтті кірігуіне жеткіліксіз дайындығы олардың биологиялық әл-ауқатымен емес, баланың қоғаммен және мәдениетпен байланысын бұзатын «әлеуметтік дислокациясымен» байланысты. Даму көзі ретінде. «Дислокацияны» түзету әлеуметтік рөлдердің алуан түрлілігін, олардың мәнін «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың «игеруі арқылы жүзеге асырылады»- дейді [3].

Үшіншіден, әлеуметтік педагогикада терминологиялық сәйкессіздік әлі де байқалады: ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арнайы әдебиеттерде әр түрлі белгіленеді:

«мүмкіндігі шектеулі балалар», «дамуында ауытқулары бар балалар», «ерекше педагогикалық қажеттіліктері бар балалар». Сондықтан, ерекше балалардың атауындағы сәйкессіздіктерді жою қажет сияқты.

Төртіншіден, балаларды инклюзивті мектептерде оқытуға дайындау мұндай балаларды басқа балалардың қоғамына бейімделу дағдыларына үйретуді, оларды құрдастарымен қарым-қатынасқа үйретуді талап етеді.

Зерттеудің мақсаты және міндеттері

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты: психикалық дамуы тежелген балаларды қоғамға әлеуметтендіру тетіктеріне мазмұндық сипаттама жасау. Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- 1) психикалық дамуы тежелген балалар тобын анықтау;
- 2) осындай балалармен жұмыс процесінде әлеуметтену әдістерін нақтылау;
- 3) психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру барысында ойын әдісі мен тұлғааралық даму әдісін пайдаланудың тиімділігін айқындау.

Негізгі бөлім

Әлеуметтену – бұл жеке тұлғаны әлеуметтік ара-қатынастарға қосу процесі және оның нәтижесі. Әлеуметтену процесінде индивид тұлға болып, адамдар арасында өмірге қажетті білім, білік және дағдыларды игереді. Әлеуметтену процесінде индивид әлеуметтік арақатынастарға енеді және осыған байланысты оның ойлау психикасы өзгеруі мүмкін. Әлеуметтену стихиялы түрде де, жеке тұлғаны мақсатты тәрбиелеу жағдайында да жүреді. Л.В.Мардахаевтың тұжырымы бойынша әлеуметтену бұл «тұлғаның әлеуметтік болмысының туындауы яғни жасерекшелік даму сатыларындағы өзін-өзі көрсету, білім алу және әлеуметтік тәрбие».

Әлеуметтік педагогикалық зерттеулер мен оқулықтарда әлеуметтенудің әртүрлі тетіктері көрсетілген. Олардың ішінде визуалды оқыту, имитациялау, сәйкестендіру процедуралары-

на (А.Бандура, Р.Уолтерс), сынақ пен қателік арқылы оқыту механизміне (Н.Миллер, Дж. Доллард), еліктеу процесіне ерекше назар аударылады (Л.С. Выготский, Дж. Пиаже, Г. Тарде), нақты әлеуметтік рөлдер (Т. Парсонс) арқылы жеке тұлғаның ұйымдастырылған қызметі, баланың әлеуметтік тәжірибені игеру формаларының біріне бейімделуі; бірқатар зерттеушілер онтогенездегі белгілік-символдық белсенділіктің дамуын қарастырған (А. Валлон, Л.С. Выготский, В.С. Мухина) [4].

Әдебиеттерді талдау барысында, арнайы білім беру жүйесінің маңызды басым бөлігі ол - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру және қоғамға интеграциялау (Р.А. Амасянц, Л.Б.Баряева, Е.А. Экжанова, В.З. Кантор, Л.М. Кобрина, Е.Т. Логинова, Л.В. Лопатина, В.И. Любовский, Д.М. Маллаев, Н.Н. Малофеев, Н.М. Назарова, М.И. Никитина, Г.Н. Пенин, О. Г. Приходько).

Интеграция және инклюзия процестерін ортақ атап айтқанда, дамудың алғашқы кезеңдерінде жеңу мүмкіндігі бөлу, әлеуметтік оқшаулау, осылайша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағымсыз әсерлерді

азайту және барлық балалардың қоғамдастығын арттыруға ықпал етеді (Bürlü, A., 2009).

«Инклюзив» терминінің анықтамасына отандық ғалымдардың еңбектерінде де, шетелдік ғалымдар еңбектерінде де түрлі қырынан қарайтынын көруге болады. Солардың арасынан мына төмендегі кестеде көрсетілген отандық зерттеушілердің бірнеше анықтамаларын атап өтуге болады:

Е.С. Долматова, А.С.Назаркина, О.С. Шелудько ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бірнеше санатын ажыратады: 1) көру қабілеті бұзылған балалар; 2) есту қабілеті бұзылған балалар; 3) эмоционалды-еріктік саласы бұзылған балалар; 4) психикалық дамуы тежелген балалар; 5) сөйлеу қабілеті бұзылған балалар; 6) тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар; 7) ақыл-ой кемістігі бар балалар (ақыл-есі кем балалар); 8) көптеген бұзылулары бар балалар [10].

Мәселен, М.Р. Битянова қолдауды «баланың эмоционалдық қолайлылығы, оның табысты дамуы мен оқуына бағытталған пси-

Авторлар	Инклюзивті білімге берілген анықтамалар
Мовкебаева З. А.	Жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі [5, б.6].
Сүлейменова Р.А.	Денсаулық жағдайына, әлеуметтік, этникалық және экономикалық жағдайына қарамастан, барлық балаларды ақысыз оқу үдерісіне қосуды көздейтін білім беру үдерісінің құраушысы [6, б.56]
Оралканова И. А.	Балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін түсіну және білім беру үдерісіне толығырақ қатысу, жұртшылықты тарту және білім берудегі бөлектеу мен кемсітуді жою арқылы осы қажеттіліктеріне сай қызметтер көрсету [7, б.32].
Рсалдинова А. К.	Білім беру, әлеуметтік, түзету-дамыту қызметтерінің сапасына кепілдік бере отырып, білім беру ұйымдарының барлық түрлерінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін арнайы білім беру жағдайларын жасауға және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет саясаты [8, б.7].
Байтурсынова А.А.	Инклюзивті білім беру – бұл барлық білім беру ұйымдарында арнайы білім беруге жағдай жасау үшін, ондағы кедергілерді жою арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне ендіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік саясат [9].

хологтың білім беру ортасындағы кәсіби әрекеттерінің жүйесі» ретінде анықтайды [11]. Ал, отандық ғалымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың үш тобын бөлуді ұсынады.

Бірінші топқа психофизикалық дамуы бұзылған балалар жатады: есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-еріктік бұзылулары бар балалар.

Екінші топқа белгілі бір оқу дағдыларын игеруде көрінетін белгілі бір оқу қиындықтары бар балалар кіреді: жазу, оқу немесе санау. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар дамудың ерекше проблемаларына байланысты (гиперактивтілік және назар аудару жетіспеушілігі синдромы, аутизм спектрінің өрескел бұзылуы) пайда болуы мүмкін.

Үшінші топқа әлеуметтік-психологиялық және экономикалық себептерге байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар кіреді. Бұған әлеуметтік қауіп-қатері аз отбасылардан шыққан балаларды, сондай-ақ жергілікті қоғамға бейімделу қиындықтары бар балаларды жатқызуға болады [12].

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтенуінің өзіндік ерекшеліктері бар, ол балалардың психикасы мен физиологиясының ерекшеліктерімен байланысты, демек бұл, олардың бейімделу қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осыған орай зерттеуші ғалымдар, балалардың әртүрлі санаттарын ажыратады. Мәселен олар өз зерттеулеріне сәйкес балалардың екі санатын ерекшелік көрсетеді.

Бірінші санатқа мидың органикалық зақымдалуына байланысты жоғары психикалық функциялардың бұзылуы бар балалар кіреді – рефлексия, мінез-құлық пен белсенділікті реттеу. Бұл танымдық процестердің бұзылуынан көрінеді (сезім, қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, назар), сонымен бірге адамның эмоционалды-еріктік саласы да зардап шегеді.

Балалардың осы санатымен қатар, тағы бір түрі - ақыл-ой кемістігінің жеңіл түрі бар балалар. Психикалық дамудың бұл формасы, Э.А. Инденбаумның пікірінше, танымдық қабілеттердің тұрақты жетіспеушілігімен сипатталады. Жеңіл психикалық дамымау негізі орталық жүйке жүйесіне микроорганикалық зақым келуімен қолайсыз факторлардың әсерінен болады. Баланың ақыл-ой әлеуеті төмендігі оның қолайсыз отбасылық жағдайларда өмір сүруінің салдарынан (маскүнемдік, ана немесе әлеуметтік депрессия жағдайында болу), сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан болуы мүмкін [13].

Сонымен, әлеуметтену тетіктеріне мыналар жатады: 1) адамның отбасына, достарына және жақын ортасына тән нормаларды, көзқарастарды бейсаналық және сыни емес қабылдауы мен игеруі болып табылатын әлеуметтенудің дәстүрлі тетігі; 2) әлеуметтенудің институционалдық тетігі. Ол адамның қоғам мен мемлекет институттарымен өзара әрекеттесу процесінде жұмыс істейді, адамның әлеуметтік мақұлданған мінез-құлық тәжірибесін жинақтауына ықпал етеді; 3) әлеуметтенудің тұлғааралық тетігі, ол адамның өзі үшін субъективті маңызды адамдармен (ата-аналар, мұғалімдер, достар және т.б.) қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады.

Психикалық дамуы тежелген бала үшін әлеуметтенудің негізгі тетігі-әлеуметтенудің тұлғааралық тетігі, онда қоғамның әлеуметтік нормалары, мінез-құлықтың әлеуметтік стереотиптері осы балалар үшін маңызды адамдармен тұлғааралық қарым-қатынас процесінде игеріледі.

Әлеуметтенудің институционалдық тетігі тәртіпті қорғау мақсатында жұмыс істейтін қоғамдық институттардың (мемлекеттің, құқықтың, биліктің, соттың) көмегімен қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына топтық әлеуметтік бақылау жүзеге асырылған жағдайда іске асырылады [14].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру әдістемесін сынақтан өткізу үшін біз психикалық дамуы тежелген балалар тобын таңдадық. Осы топта әлеуметтенудің әртүрлі әдістері қолданылды.

Зерттеудің талқылануы және нәтижелері

Зерттеу барысында психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтік бейімдеу үшін біз осы балаларды бірнеше деңгейде әлеуметтендіруді көздейтін бейімделу бағдарламасын жасадық. Бірінші деңгейде әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында балалар тобы анықталды. Бұл топқа ақыл-ой кемістігі бар балалар енгізілді, олар оқу дағдыларын жеткіліксіз меңгеруде, сондай-ақ мінез-құлықтағы ауытқуларда көрініс береді. Екінші деңгейде әлеуметтенудің анықтамасы нақтыланады, психикалық дамуы тежелген балалардың бейімделуіндегі әлеуметтенудің ерекшеліктеріне назар аударылады. Біз жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сәйкес және өз тәжірибемізге сүйене отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтену түсінігіне төмендегідей анықтама бердік:

Әлеуметтену дегеніміз «жеке тұлғаның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін белгілі бір білім жүйесін, нормалар мен құндылық бағдарларын меңгерген барлық әлеуметтік процестердің жиынтығы»

Демек, әлеуметтену процесі бұларерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау міндеттеріне бейімделген яғни әлеуметтену оқушының қоғамға интеграциялануға және сол жерде бейімделіп әрекет етуге мүмкіндік беретін білім, құндылықтар, әлеуметтік дағдылар мен әлеуметтік сезімталдықтан тұратын процесс» [15]. Психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру процесіндегі негізгі қиындықтар, ең алдымен, балалардың эмоционалды даму проблемалары болып табылады. Ол үшін балалардың эмоционалды интеллектісін дамыту керек. Кәдімгі жай мектепте оларға эмоционалды сауаттылықты үйретпейді, яғни эмоцияларды түсіну, басқару сияқты. Ол үшін әлеуметтік педагог «баланың эмоционалды интеллектісін дамыту бағдарламасына» сүйенуі керек. Бұл бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде бала өзінің эмоциясын түсінуге, басқа адамдардың эмоцияларын тануға үйренеді, эмоционалды лексиканы толықтырады.

Екінші кезеңде (7-10 жас аралығындағы балалар) бала эмоционалды лексиканы терең зерттей бастайды (мұғалімнің жетекшілігімен), эмоцияларды әртүрлі жағдайларда қалай қолдануға болатындығын біледі. Үшінші кезеңде эмоцияларды басқару дағдылары дамиды, құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын үйренеді.

Психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендіру процесінде адамның қоршаған ортаға әсер ету жүйесі ретінде түсінілетін эмоционалды-экспрессивті саланы дамыту қажет болып көрінеді. С. А. Рубинштейннің пікірінше, интеллектуалды бұзылулары бар балаларда мұндай саланың дамуы бірқатар ерекшеліктерге ие: 1) мұндай балалардағы эмоциялар жеткілікті түрде ажыратылмаған, мысалы, олар күлімдеу керек болған кезде қатты әрекет етеді, ашуланшақтық пен агрессияны қалай ұстау керектігін білмейді; 2) өз эмоцияларын ауызша түрде білдіре алмайды; 3) ақыл-есі кем баланың сезімдері сыртқы әлемнің әсеріне сәйкес келмейді [16].

Психикалық дамуы тежелген балалардың осындай эмоцияларын қалыптастыру үшін ойын технологиялары қолданылады. Ойындар, А.С. Выготскийдің ойынша, тұлғаның даму көзі болып табылады. Олар проксимальды даму аймағын жасайды, өйткені бала ойын әрекеті арқылы дамиды. Тек осы мағынада ойынды жетекші іс-әрекет деп атауға болады, яғни ол психикалық дамуы тежелген балаларға әлеуметтік жағдайға бейімделуге мүмкіндік береді. Ойын еріксіз, кедергісіз балаларды өз мінез-құлқын тиімді реттеуге, барабар тұлғааралық қарым-қатынас құруға үйретеді, осылайша балаларды әлеуметтендірудің тиімді құралдарына айналады» [17]. Ойын-әлеуметтенудің негізгі тетігі болып табылады.

Балалардың эмоционалды дамуы үшін рөлдік, дидактикалық, театрландырылған ойындар қолданылады. Сонымен, рөлдік ойындарды әлеуметтік бейімделу процесінде қолдануға болады. Психикалық дамуы тежелген баланың эмоционалды-экспрессивті саласын дамыту үшін біз ойын іс-әрекетінің элементтерін қолдандық, мысалы, қорқыныш, таңда-

ну, қуаныш, қайғы, ашу, жеккөрушілік сияқты эмоциялардың көрінісін үйрету үшін.

«Ормандағы жануарлардың кездесуі» сюжеттік-рөлдік ойынына қатыса отырып, бала жануарлармен, олардың мінезімен, әдеттерімен, сыртқы келбетімен танысады, кейіпкерлердің рөлдерін ойнауға тырысады, мысалы, мұғалім: міне, қоян (суретті көрсетеді). Ол құлақты. Оның құлағы ұзын. Бұл таңқаларлық. Біз қалай таңданамыз?

Бала: О! Қандай үлкен құлақ!

№1 жағдай

Әлеуметтік педагог: міне, аю орманда балпаңдап жүр. Ол үлкен және ебедейсіз, бірақ күшті аң. Көптеген жануарларды жеңеді. Сізге қорқынышты емес пе?

Бала: Мен қорқамын. Маған қорқынышты.

Әлеуметтік педагог: қорқынышты қалай білдіруге болады? Сөздерді қайталаңыз: мен қорқамын, қорқынышты сезінемін. Бірақ аю жануарларды сирек жазалайды. Ол әдетте мейірімді. Ол құлпынай, таңқурай жейді. Тек кейде ет жейді. Қыста ұйықтайды. Маша мен аю мультфильмі есіңізде ме? Қандай аю бар?

Бала: Мейірімді.

№2 жағдай

Әлеуметтік педагог: бұл жолбарыс. Ол жыртқыш, қатал. Ормандағы жануарларға шабуыл жасайды: ешкі, бөкен, қоян. Сіз кімді аяйсыз: басқа жануарларды ма немесе жолбарысты ма? Неліктен жолбарысты аяу керек? Оның әрекеттері ашуды, үрейді тудырады. Кейбір адамдар жыртқыш әрекеттер жасайды: олар ақша алып, ұрлық жасайды, өтірік айтады. Егер сіз жақсы адам болсаңыз, онда қылмыскердің әрекеті неқалай қарар едіңіз? Сіз қатыгез адамның бұл әрекетін айыптайсыз ба немесе айыптамайсыз ба? Ал егер ол сіздің анаңызды тонаса?

Бала: бұлдұрысемес. Ананы тонауға болмайды.

Әлеуметтік педагог: сіз бұл адамға не бастан өткердіңіз: ашуланшақтық, жиіркеніш, жаман қасиет?

Бала: мен оны ұнатпаймын.

Әлеуметтік педагог: оның жаман қасиет екенін ұрлық жасауға болмайтынын балаға түсіндіреді.

№3 жағдай

Әлеуметтік педагог: рөлдер ойнайық және осы жануарларға қатысты эмоцияларыңызды білдірейік: сіз, Марат, тасбақа рөлін ойнайсыз, ал сіз, Талғат, қоян рөлін ойнайсыз.

Марат (тасбақа): мен жақсы, мейірімді тасбақамын, баяу жүгіремін.

Талғат (қоян): мен қоянмын. Мен тез жүгіремін, мен де мейірімдімін.

Әлеуметтік педагог: мейірімді болу жақсы ма немесе жаман ба?

Балалар: Жақсы. Тасбақа мен қоян жақсы. Бұл өте жақсы.

Ойынның екінші түрі – дидактикалық ойын. Ол сөздік қорын кеңейтуге, сөйлеуді жетілдіруге, психикалық процестерді дамытуға ықпал етеді. Мысалы, дидактикалық ойыншықтармен ойын өткізген кезде ойыншықтардың түсін, мөлшерін, пішінін қабылдау дамиды, олардың табиғаты туралы түсінік беріледі, мысалы, дидактикалық «Түлкі» ойыншығымен ойнау:

Әлеуметтік педагог баланың қолына түлкі береді және былай айтады: Алпамыс, түлкі ойыншығын қолыңызбен ұстаңыз. Ол қандай?

Алпамыс: Жұмсақ.

Әлеуметтік педагог: түлкінің түсі қандай? Қызыл ма?

Алпамыс: ия, қызыл.

Әлеуметтік педагог: ал түлкінің мінезі қандай, егер ол алдаса, айлакер болса?

Алпамыс: Айлакер. Ол алдайды.

Әлеуметтік педагог: сіз оған қатысты қандай эмоцияларды сезінесіз? Оның алдағаны ұнамайды ма?

Алпамыс: Ол қатал, айлакер. Ұнамайды.

Театрландырылған ойындар әдетте «музыкалық-ойын сабақтарында, сөйлеуді дамыту сабақтарында, қарапайым математикалық көріністерді қалыптастыру бойынша қолданылады». Театрландырылған қойылымдарда қандай да бір рөл ойнай отырып, балалар тілді, бет-әлпетін басқаруға, айна алдында жаттығуға және «күлуге», «жылауға», «ашулануға», «қуануға» үйренеді. Театр ойындарына қуыршақ қойылымдары, мультфильм кейіпкерлерінің ойындары және т. б. кіреді. Мұндай ойындар балалардың қиялын дамытуға

үлкен әсер етеді, өйткені олар сахнада не болып жатқанын шындық ретінде қабылдайды, сондықтан балалар кейіпкерлерге адами қасиеттерді қалыптастырады, көрсету процесі арқылы эмоцияларын білдіреді [18].

Қорытынды

Психикалық дамуы тежелген балаларды тәрбиелеудегі басты мақсат ол- қоғамның әлеуметтік нормаларында белгіленген мінез-құлық үлгілерін игеру арқылы қоғамға әлеуметтік бейімделу мәселесі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды зерттеу барысында физикалық немесе психикалық дамуы тежелген балалардың көптеген топтары бар екені айқындалды. Психикалық дамуы тежелген балаларды зерттеу олардың қоғамға әлеуметтік бейімделуі процесіндегі эмоционалды интеллектілерінің дамымауы және тұлғааралық өзара әрекеттесуге қабілетсізді-

гі, ойын іс-әрекеті дағдыларының дамымауы салдарынан туындайтын түрлі қиындықтармен байланысты екендігі анықталды. Осыған орай, психикалық дамуы тежелген балаларды әлеуметтендірудің негізгі тетіктеріне мазмұндық сипаттама жасалды. Зерттеу барысында психикалық дамуы тежелген топқа жататын балалар әлеуметтік педагог ұйымдастырған түрлі ойындарға қатысу арқылы және қоғамдағы «жақсы» немесе «жаман» адамның мінез-құлық нормаларының үлгілерін игеру арқылы эмоционалды дағдыларын (әртүрлі эмоцияларды білдіру қабілеті) дамыта алатындығы анықталды. Олай болса, психикалық дамуы тежелген балаларды қоғамдық ортаға бейімдеуге байланысты әлеуметтік-педагогикалық қолдау әдістерін қолдану және олардың әлеуметтік тәжірибені игеруге білікті түрде үйрету немесе жаттықтыру олардың қоғамға сәтті және еркін әлеуметтенуіне септігін тигізеді деп тұжырымдалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005828/> (дата обращения 10.11.2020).
2. Сколько в Казахстане детей с особыми образовательными потребностями [Электрон. ресурс]. - 2020. - URL: https://www.inform.kz/ru/skol-ko-v-kazhastane-detey-s-osobymi-obrazovatel-nyimi-potrebnostyami_a3687556/ (дата обращения 15.06.2021).
3. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. - М.: ЭКСМО, 2005. - 445-507 с.
4. Карелина А. А. Образование школьника. - М.: Изд. центр «ВЛАДОС», 2000. - 445-507 с.
5. Мовкебаева З.А. Роль высших учебных заведений в модернизации процесса образования лиц ограниченными возможностями в развитии. // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Специальная педагогика». - № 1-2 (28-29). - 2012. - С. 34-38.
6. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями. Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. - Алматы: Раритет, 2002. - 917 с.
7. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт. философии (PhD). - Алматы, 2014. - 210 с.
8. Рсалдинова А.К., Денисова И.А. Повышение квалификации педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования в Республике Казахстан. // Вестник КазНПУ им. Абая. - 2014. - № 2. - С. 7-11.
9. Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03. - Алматы: 2010.
10. Долматова Е.С., Назаркина А.С., Шелудько О.С. Особенности социализации детей с ограниченными возможностями здоровья // Бюллетень медицинских интернет-конференций. - 2015. - Т. 5. - № 12.

11. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М.: Совершенство, 1998. – 298 с.
12. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПН, КП, 2019. – 118 с.
13. Инденбаум Е. Л. Психосоциальное развитие подростков с лёгкими формами интеллектуальной недостаточности. Автореф. дисс. д-ра психологических наук. - М., 2011. – 77 с.
14. Старостина Н.Н. Теоретико-методические основы изучения процесса социализации личности // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2017. - №5. – С. 170-173.
15. Жуланова И.В., Кудряшева В.В. Основы специальной педагогики и психологии. - Волгоград: Перемена, 2003. – 170 с.
16. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург, Питер, 2002. – 720 с.
17. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребёнка // Вопросы психологии, 1966. - №6. – С. 62-76 с.
18. Степанова О.А. Методика игры с коррекционно-развивающими технологиями. - М.: Академия, 2003. – 272 с.

References

1. «Мымkindiktepi shekteuli balalapdy aleumettik zhane medicinalyk-pedagogikalyk tyzeu apkyly koldau tupaly» Zany [«On Paid Support of Social and Medical-Pedagogical Correction of Children with Disabilities»] Law of the Republic of Kazakhstan of July 11, 2002 № 343 [Electron. resource]. Available at: <https://adilet.zan.kz> (Accessed: 10.11.2020).
2. Skol'ko v Kazahstanedetey s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostjami [How many children in Kazakhstan with special educational needs] [Electron. resource] 2020. Available at: https://www.inform.kz/ru/skol-ko-v-kazahstane-detey-s-osobymi-obrazovatel'nyimi-potrebnostjami_a3687556/ (Accessed: 15.16.2021).
3. Vygotsky L.S. Psihologija razvitija rebenka [Psychology of child development] (EXMO, Moscow, 2005, 445-507 p.).
4. Karelina A.A. Obrazovanie shkol'nika [Schooling education] (VLADOS Center, Moscow, 2000, 445-507 p.).
5. Movkebaeva Z.A. Rol' vysshih uchebnyh zavedenij v modernizacii processa obrazovaniyalicogranichen nymivozmozhnostjami v razvitii [The role of higher education institutions in the modernization of the process of education of persons with disabilities in development], Vestnik KazNPU imeni Abaja. Seriya «Spetsial'naya pedagogika» [Bulletin of Abai KazNPU. «Special pedagogy» Series], 1-2 (28-29), 34-38 (2012).
6. Sulejmenova R.A. Social'naja korrekcionno-pedagogicheskaja podderzhka kak put' integracii detej s ogranicennymi vozmozhnostjami. Problemy vkljuchenija detej so special'nyimi obrazovatel'nyimi potrebnostjami v obshheobrazovatel'nyj process [Social correctional and pedagogical support as a way to integrate children with disabilities. Problems of inclusion of children with special educational needs in the general educational process.] (Raritet, Almaty, 2002, 917 p.).
7. Oralkanova I.A. Formirovanie gotovnosti uchitelej nachal'nyh klassov k rabote v uslovijah inkljuzivnogo obrazovaniya [Formation of readiness of primary school teachers to work in conditions of inclusive education]: Dis. Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty, 2014, 210 p.).
8. Rsaldinova A.K., Denisova I.A. Povyshenie kvalifikacii pedagogicheskikh kadrov v uslovijah stanovlenija inkljuzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazahstan [Advanced training of teaching staff in the context of the formation of inclusive education in the Republic of Kazakhstan] Vestnik KazNPU im. Abaya [Bulletin of Abai KazNPU], 2, 7-11 (2014).
9. Bajtursynova A.A. Organizacionno-pedagogicheskie uslovija vkljuchenija detej s ogranicennymi vozmozhnostjami v uchebnyj process obshheobrazovatel'noj shkoly [Organizational and pedagogical conditions for the inclusion of children with disabilities in the educational process of a general education school] (Almaty, 2010).
10. Dolmatova E.S., Nazarkina A.S., Shelud'ko O.S. Osobennosti socializacii detej s ogranicennymi vozmozhnostjami zdorov'ja [Features of the socialization of children with disabilities], Bjlleten' medicinskih internet-konferencij [Bulletin of medical Internet conferences], 5, 15-29 (2015).

11. Bitjanova M.R. Organizacija psihologicheskoj raboty v shkole. [Organization of psychological work at school] (Sovershenstvo, Moscow, 1998, 298 p.).
12. Eliseeva I.G., Ersarina A. K Psihologo-pedagogicheskoesoprovozhdenie detej sosobymi obrazovatel'nyimi potrebnoostjami v obshheobrazovatel'noj shkole: metod. Rekomendacii [Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in the general education school: method. recommendations] (Almaty 2019, 118 p.).
13. Indenbaum E. L. Psihosocial'noe razvitie podrostkov s ljogkimi formami intellektual'noj nedostatochnosti [Psychosocial development of adolescents with mild forms of intellectual disability]. Author's abstract. diss. Dr. Psychological Sciences. (Moscow, 2011, 77 p.).
14. Starostina N.N. Teoretiko-metodicheskie osnovy izuchenija processa socializacii lichnosti [Theoretical and methodological bases of studying the process of socialization of personality, Nauchnoe obozrenie [Scientific review], Pedagogicheskie nauki [Pedagogical Sciences], 5, 170-173 (2017).
15. Zhulanova I.V., Kudrjasheva V.V. Osnovy special'noj pedagogiki i psihologii [Fundamentals of specialized pedagogy and psychology] (Peremena Volgograd, 2003, 170 p.).
16. Rubinshtejn S.L. Osnovy obshhej psihologii [Fundamentals of general psychology] (Piter, Saint-Petersburg, 2002, 720 p.).
17. Vygotsky L.S. Igra i ee rol' v psihicheskom razvitii rebjonka [The game and its role in the mental development of the child], Voprosy psihologii [Questions of psychology], 6, 62-76 (1966).
18. Stepanova O.A. Metodika igry s korrekcionno-razvivajushhimi tehnologijami [Methods of games with corrective development technologies] (Akademija, Moscow, 2003, 272 p.).

Ж. Сағатбекқызы, Қ.Қ. Шалғынбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Механизмы и методы социализации детей с умственной отсталостью

Аннотация. одним из важнейших приоритетов государственной политики в стране сегодня является равенство прав всех детей на качественное образование. Обязательным условием обеспечения доступности качественного образования является инклюзивное образование. Современная задача инклюзивного образования - обеспечить равный доступ к получению образования для всех слоев населения с учетом психофизиологического, интеллектуального развития и индивидуального возраста. Статья направлена на выявление механизмов социализации детей с задержкой умственного развития в группе детей с особыми образовательными потребностями. В статье описано использование ролевых, дидактических и театральных игр для формирования эмоций у детей с задержкой умственного развития. Кроме того, выявлены механизмы социализации, разработаны их педагогические характеристики и указаны следующие методы: метод использования межличностного механизма социализации; метод применения структуры личности «хорошо-плохо»; методы включения в социальные роли и изучение ролевых аспектов; метод обучения; способ вовлечения ребенка с задержкой умственного развития в игровые ситуации.

В ходе исследования были получены следующие результаты: выделена группа детей с умственной отсталостью; для проверки эффективности игрового метода и использования механизмов социализации была отобрана группа детей с умственной отсталостью. Работа с данной группой детей проводилась с целью проверки гипотезы о возможности социализации детей с задержкой умственного развития через развитие их эмоционального интеллекта, возможность участия в межличностном обучении, формирование навыков ролевой игры. Выявлены трудности в социализации детей с задержкой умственного развития.

Сделан вывод о возможности развития эмоционального интеллекта детей с умственной отсталостью, формирования коммуникативных навыков в процессе межличностного общения, возможности социальной адаптации, социальной адаптации за счет развития «хороших» и «плохих» моделей, использования ролевых аспектов.

Ключевые слова: социализация, механизмы, дети с умственной отсталостью, дидактические игры, эмоциональный интеллект, эмоциональная лексика, межличностное общение, ролевая игра.

Zh. Sagatbekkyzy, K.K. Shalgynbaeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Mechanisms and methods of socialization of children with mental retardation

Abstract. One of the most important priorities of state policy in the country today is the equality of the rights of all children to quality education. And an inclusive education is a prerequisite for ensuring the availability of high-quality education. The modern task of inclusive education is to ensure equal access to education for all segments of the population, taking into account psychophysiological, intellectual development, and individual age. The article is aimed at identifying the mechanisms of socialization of children with mental retardation in a group of children with special educational needs. The article describes the use of role-playing, didactic and theatrical games for the formation of emotions in children with mental retardation. In addition, the mechanisms of socialization are identified and their pedagogical characteristics are developed and the following methods are indicated: the method of using the interpersonal mechanism of socialization; the method of applying the «good-bad» personality structure; methods of inclusion in social roles and the study of role aspects; the method of teaching; a way to involve a child with mental retardation in game situations. The article describes the use of role-playing, didactic and theatrical games for the formation of emotions in children with mental retardation. In addition, the mechanisms of socialization and their pedagogical features are revealed. The following methods were identified: the method of using the interdisciplinary mechanism of socialization; the method of applying the personality structure «good-bad»; methods of inclusion in social roles and the study of role aspects; teaching method; a way to involve a child with mental retardation in a play situation.

During the study, the following results were obtained: a group of children with mental retardation was identified; a group of children with mental retardation was selected to test the effectiveness of the game method and the use of socialization mechanisms. The work with this group of children was carried out to test the hypothesis about the possibility of socialization of children with mental retardation through the development of their emotional intelligence, the possibility of participating in interpersonal learning, and the formation of role-playing skills. Difficulties in the socialization of children with mental retardation are revealed.

The conclusion is made about the possibility of developing the emotional intelligence of children with mental retardation, the formation of communication skills in the process of interpersonal communication, the possibility of social adaptation, social adaptation through the development of «good» and «bad» models, the use of role-playing aspects.

Keywords: socialization, mechanisms, children with mental retardation, didactic games, emotional intelligence, emotional vocabulary, interpersonal communication, role play.

Авторлар туралы мәлімет:

Ж. Сағатбекқызы – корреспонденция үшін автор, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қ.Қ. Шалғынбаева – педагогика ғылымдарының докторы, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zh. Sagatbekkyzy – **Corresponding author**, Ph.D. student, Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

K.K. Shalgynbaeva – Professor, Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.